



Автор: Жұмабаева Асел Абугалиевна

Пән: Математика

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Екі таңбалы сандар

Тақырып: 0-ден 10-ға дейінгі сандар. 11-ден 20-ға дейінгі сандар.Толық ондықтар.100 саны.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	2.1.1.1 100-ге дейінгі сандардың құрылу жолын түсіну; 100 көлеміндегі сандарды тура және кері санау; олардың натурал сандар қатарындағы орнын анықтау
Сабақтың мақсаты:	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты брлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.
Тілдік мақсаттар:	Жаңа тақырып аясындағы керекті тілдік қорлары дамиды. Екі таңбалы сандарды естіп, сөйлегенде, жазғанда қолдана алады. Сұрақтарға жауап бергенде, оқулықтағы зерттеулер мен тапсырмаларды орындағанда тірек сөздерді қолданады. Екі таңбалы сандарды естігенде, сөйлегенде қолданады.
Күтілетін нәтиже:	Қарапайым есептерді шығару дағдылары бар.
Бағалау критерийлері:	Есептердің түріне байланысты оларды шығару тәсілдерін таңдайды
Құндылықтарды дарыту:	Жауапкершілік, сыйластық, өзара түсіністік, жанашырлық, қамқорлық жасай білуқұндылықтарды қалыптастыру.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	слайд
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану
Бастапқы білім:	Бағалау парақшасымен таныстыру Топтарға бөлу. Себетпен конфет әкелу. Оқушыларға себеттен конфет алуларын сұраймын.Конфеттің түрлеріне қарай 3 топқа бөлініп отырады. 1-топ «Сары кәмпиттер» 2-топ «Көк кәмпиттер» 3-топ «Қызыл кәмпиттер» Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Қызыл гүлім-ай» би

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Тапсырманы орындаған әр балаға конфеттер беріп отырамын 	конфеттер

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (15мин)	<p>Мағынаны тану Жаңа білімді түсіндіру Сен суретте қандай суретті көріп тұрсың? Қандай сандар жазылған? Өздік жұмысы. Математикаоқулығымен таныстыру. Шартты белгілерді таныстыру. Не үшін қажетекенін түсіндіре отырып, қалай пайдалануды үйрету. 1-жаттығу. =10 дегенөрнек құрылады. Ал кейіннен балалар сондай саны бар допты таңдап, тура теңдікті шығарады. Одан кейін қосындының мәні өзгеріп, ойын жалғасады.□Балалар футбол добын қақпайлаған қақпашының суретін қарастырады. «Гол, соқ!» ойыны түрінде жүргізіледі. Алдымен 2+ 2- жаттығу. Жалпылама ауызша орындауға болады. 3-жаттығу. Нұсқа бойынша таптарда жаппай жұмыс ұйымдастырылады. Кестедегі әр жолға белгілі бір сурет сәйкес келеді. Осы суреттерден тұратын кестенің жанында өрнектер қарастырылған. Балалар кестеден тиісті санды таңдап алып, өрнек құрастырады және олардың мәнін табады. Өрнектер санын алдын ала келісіп алуға болады. 4-жаттығу. өзіндік жұмысы ретінде беруге болады. Соңынан тексеру қажет.</p>	<p>Ресурстар: • 4 ватман қағаз;• әрбір топқа арналған түсті таяқшалар топтамасы; • әрбір оқушыға арналыпфайлға салынған парақтар.</p>
Сабақтың соңы (10мин)	<p>0-ға және 20-ға дейін тура және кері бағытта санаңдар (сан сәулесін пайдалануға болады). 5-тен кейінгі санды ата, келесі санның 5-тен нешеуі артық? 9-дың алдындағы санда ата, алдыңғы санның 9-дан нешеуі кем? 3,9,1 сандарының көршілерін ата 6 мен 8, 7 мен 9 сандарының арасында қандай сан тұрады? Қосу кестесін қайталау. «Мақсатыңа жет» ойыны. Мысалдар тізбегін ата бастаймын. Балалар жауап ретінде цифрлы карточкаларды көрсетеді. Қате санағандарды ұстап аламын. Тізбектер әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, 5+4-3+2, 9+1-8-1+7, 5+0-2+7-10. Ойын срында тапсырманы жақсы орындағандарды атап өту. Сандар құрамын қайталау. Санды атау, балалар осы санды құрастыруға болатын цифрлары бар екі карточканы көрсетеді. Қосу және азайтуда сан атауларын қайталау.</p>	<p>Көрнекі құралдар. Екі таңбалы сандар – бұл 10-нан 99-ға дейінгі сандар. Олар екі разрядтан: ондықтар және бірліктер разрядынан тұрады. Екі цифрмен жазылады. Екі таңбалы сандар солдан оңға қарай оқылады. Оқыған кезде алғашында ондықтар разрядындағы цифр, ал одан кейін бірліктер разрядындағы цифр айтылады.</p>
Рефлексия (10мин)	<p>Синтез "Таңда да таста" әдісі https://www.akavideos.com/watch?v=RAo-zw5U8gQ</p>	